ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 18 қараша №4360-23-00-2/2616 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Мырзахметов» атауымен әрекет етуші Мырзахметов Нургали Турсынбекович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Мырзахметов» атауымен әрекет етуші Мырзахметов Нургали Турсынбекович жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Мырзахметов» атауымен әрекет етуші Мырзахметов Нургали Турсынбекович жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Мырзахметов» атауымен әрекет етуші Мырзахметов Нургали Турсынбекович жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған

Ұлттық ұлан
Бас қолбасшылығы
Тіркеу № 28-165
2024 ж. «22» 01
парақта
дана

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 20.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 03.01.2024 судья Бержанов К. М. 04.01.2024

4360-23-3-1/2776

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 20.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 03.01.2024. судья Бержанов К. М., 04.01.2024

4360-23-3-1/2776